

**Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы
«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы
педагогтердің құзыреттерін дамыту: оқытудың қолжетімділігі мен
сапасын қамтамасыз ету»**

МАЗМҰНЫ

1	Жалпы ережелер	3
2	Глоссарий	4
3	Бағдарлама тақырыбы	6
4	Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері	7
5	Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны	9
6	Оқу үрдісінің құрылымы	12
7	Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету	13
8	Оқыту нәтижелерін бағалау	14
9	Курстан кейінгі қолдау	16
10	Қосымша және негізгі әдебиеттер тізімі	16

1.Жалпы ережелер

Педагогтердің біліктілігін арттыру курсының «Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің құзыреттілігін дамыту: білім берудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету» білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленді. Аталған стандарттар Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген. Сондай-ақ Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы № 175 «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істейтін мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдарының педагогтерінің құзыреттілігін дамытуына бағытталған. Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында инклюзивтілік қағидаттарын жүзеге асыру мемлекеттік саясаттың негізгі бағытына айналууда. Ерте кезеңде қолжетімді білім беру ортасын дамыту ерекше маңызға ие, себебі баланың негізгі коммуникациялық дағдылары, танымдық функциялары, эмоционалдық танымдық сферасы және әлеуметтік тәжірибесінің негіздері мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Ерекше білім беру қажеттіліктерін ерте анықтау және уақытылы педагогикалық қолдау баланы білім берудің келесі деңгейлеріне неғұрлым табысты болуын қамтамасыз етеді.

Бағдарламаның өзектілігі бірқатар факторлармен анықталады:

- Ерекше білім беру қажеттіліктері анықталған балалар санының күрт өсуі;
- Бейімдеу, ертерек ерекшеліктерді анықтау және саралау бойынша педагогтердің біліктілігін арттыру қажеттілігі;
- Сапалы оқытуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік міндеттемелерін көрсететін (Мүгедектердің құқықтары туралы туралы БҰҰ Конвенциясы, Бала құқықтары туралы Конвенция) халықаралық талаптарымен анықталады;
- Инклюзивті білім беруді дамытуды басым бағыттарының бірі ретінде белгілейтін Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңы» мен Қазақстан Республикасының 2023-2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамасы сияқты ұлттық құжаттарды іске асыру.

Бағдарлама мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етуге және келесі негізгі салаларда педагогтердің құзыреттілігін дамытуға байланысты міндеттерді орындауға бағытталған:

- Мектеп жасына дейінгі балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және есепке алу;
- Білім алушылардың әртүрлі санаттарына сәйкес оқыту мазмұнына, әдістеріне және түрлеріне бейімдеу;
- Дербес білім беру маршруттарын іске асыру және жобалау;
- Педагогтердің, ата-аналардың және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандарының біріктірілген өзара іс-қимылын ұйымдастыру;
- Ұйымдастырылған іс-әрекеттің әмбебап дизайн принциптерін ескере отырып, дамытушы, қолжетімді және қауіпсіз білім беру ортасын құру;
- Білім беру процесінің инклюзивтілігін қамтамасыз ететін заманауи педагогикалық және цифрлық технологияларды енгізу;

Бағдарлама мектепке дейінгі білім беруді дамытудың заманауи тенденцияларын және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіби қызметіне қойылатын өзекті талаптарды ескере отырып жасалған. Оқыту белсенді әдістерді қолдануды қарастырады: практикалық сабақтар, кейстерді талдау, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, дербес және топтық тапсырмаларды орындау. Бұл тәсіл тыңдаушыларға теориялық базаны игеріп қана қоймай, инклюзивті мектепке дейінгі ұйым жағдайында жұмыс істеу үшін қажетті тұрақты практикалық дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, бағдарлама педагогтердің кәсіби құзыреттілігін кешенді дамытуды қамтамасыз етеді, мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыруға және дамудың ерте кезеңінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды қолдау үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

2.Глоссарий

Термин	Анықтама	Нормативтік дереккөз
Инклюзивті білім беру	Барлық балалардың, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБК) бар балалардың жалпы білім беру ортада сапалы оқуға тең қолжетімділігін	ҚР «Білім туралы» Заңы

	қамтамасыз етуге бағытталған білім беру.	
Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕБҚ)	Баланың физикалық, психикалық, сенсорлық, интеллектуалдық немесе басқа да бұзылыстарымен байланысты қажеттіліктері, олар бейімделген бағдарламаны және қолдауды талап етеді.	ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы, ҚР «Мүгедектігі бар балаларды қолдау туралы» Заңы
Педагогтің кәсіби құзыреттілігі	Педагогтің инклюзивті білім беру жағдайында өз қызметін тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білім, іскерлік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы.	ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы
Жеке білім беру маршруты (ЖБМ)	Баланың даму ерекшеліктері, денсаулығының жай-күйі және қажеттіліктерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құрастыру.	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделі
Бейімделген білім беру бағдарламасы	ЕБҚ бар баланың оқу процесіне толыққанды қатысуын қамтамасыз ету мақсатында оның қажеттіліктеріне қарай өзгертілген білім беру бағдарламасы.	Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандарты (МББС), мектепке дейінгі бағдарламалар
Инклюзивті орта	Барлық балалардың қажеттіліктерін ескеретін қолжетімді, қауіпсіз, өзгермелі және дамытушы пәндік-кеңістіктік орта.	Санитарлық-эпидемиологиялық ережелер, «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Заң
Мультидисциплинарлық команда	ЕБҚ бар баланы қолдауға бағытталған педагог, психолог, логопед, дефектолог, медицина қызметкері және т.б. мамандардан тұратын команда.	ҚР «Мүгедектігі бар балаларды қолдау туралы» Заңы

Негізделген бейімдеу	ЕБҚ бар бала үшін кедергілерді жоюға бағытталған ортаға, бағдарламаларға және оқыту әдістеріне өзгерістер енгізу шаралары.	БҰҰ-ның Мүгедектердің құқықтары туралы конвенциясы
Сүйемелдеу педагогі	ЕБҚ бар баланы оқу процесінде қолдайтын, ЖБМ әзірлеуге қатысатын және қолдау шараларын үйлестіретін маман.	Мектепке дейінгі білім беруді дамытудың моделі, лауазымдық нұсқаулықтар
Орынды жағдайлар	ЕБҚ бар баланың дамуы мен әл-ауқатына зиян келтірмей оқуды мүмкін ететін жағдайлар.	МББС, СанПиН, БҰҰ Конвенциясы
Инклюзивті құзыреттер	ЕБҚ бар балаларды оқытуды ұйымдастыруға арналған педагогтің арнайы білімдері мен дағдылары, оған құқықтық, этикалық, әдістемелік және психологиялық аспектілер кіреді.	Қолданыстағы біліктілік талаптарын талдау

3. Бағдарлама тақырыбы

Бағдарламаның тақырыптары ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен тиімді жұмыс істеуге мектепке дейінгі білім беру тәрбиешілері мен мамандарын даярлауға бағытталған.

Қазіргі жағдайда Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім беру жүйесінің негізгі мәселелерінің бірі инклюзивті педагогика саласында педагогтарды даярлауға жүйелі және кешенді тәсілдің болмауы болып табылады.

Қолданыстағы біліктілікті арттыру курстары:

1. Инклюзивті білім берудің жалпы теориялық аспектілерімен шектеледі;
2. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері ескерілмейді;
3. Педагогтердің нақты инклюзивті ортада жұмыс істеуге практикалық дайындықтың жетіспеушілігі;

Нәтижесінде мектепке дейінгі ұйымдардың мамандары балалардың білім беру қажеттіліктерін бағалауда, бағдарламаларды бейімдеуде, халықаралық әдістерді қолдануда, сондай-ақ отбасын мамандармен қолдауда, өзара әрекеттесуде қиындықтарға тап болады.

Ұсынылып отырған бағдарлама Қазақстандағы инклюзивті білім беруді дамытудың инновациялық тәсілдерін, заманауи халықаралық тәжірибелерін және ұлттық ерекшеліктерін біріктіреді. Ол мектепке дейінгі ұйымның барлық

мамандарының тәрбиешілердің, әдіскерлердің, логопедтердің, музыкалық жетекшілердің, дефектологтардың, психологтардың және басқа қызметкерлердің белсенді қатысуын қамтитын пәнаралық тәсілге негізделген. Бағдарлама білімді практикалық қолдануға, кәсіби дағдыларды дамытуға және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс істеу үшін қажетті тұрақты құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының біліктілікті арттыру жүйесінде инклюзивті білім беру контекстінде мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің барлық санаттарын даярлауды кешенді қамтитын бірыңғай курс жетіспейді. Бұл тұрғыда бағдарлама балабақшаларда инклюзивті саясатты, мәдениетті және тәжірибені дамытудың бірегей ресурсы болып табылады.

Бағдарлама бала құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік басымдықтарға және Қазақстанның халықаралық міндеттемелеріне сәйкес келетін ерте инклюзияның тұрақты моделін қалыптастыру үшін негіз болады.

Бағдарламаның мазмұны жаһандық үрдістірге сәйкес құрылады, соның ішінде:

1. Әлеуметтік интеграцияның маңызды тетігі ретінде ерте инклюзияны дамыту;
2. Цифрлық білім беру ресурстарын және оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану;
3. Адаптивті дамытушы пәндік-кеңістік ортаны құру;
4. Білім беру процесінде отбасының рөлін күшейту және ата-аналарды баланың білім беру траекториясының тең қатысушылары ретінде тарту.

Бағдарламаны іске асыру:

- мектепке дейінгі білім беру педагогтерін инклюзивті жұмысқа даярлаудың тұрақты моделін қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беруді қамтамасыз етуге қабілетті кадрлық әлеуетті дамыту;
- ерте көмек және инклюзивті қолдау (білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау) саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды нығайту.

Осылайша, бағдарлама Қазақстан Республикасының орнықты әлеуметтік дамуы үшін стратегиялық маңызы бар және мектепке дейінгі білім беру жүйесінің өзекті мәселелеріне жауап береді.

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарлама мақсаты: инклюзивті тәсілдерді тиімді іске асыруға, қолжетімді білім беру ортасын құруға және барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім беру қызметтерін қамтамасыз етуге бағытталған, мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің кәсіби құзыреттерін дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1. Педагогтердің инклюзивті білім берудің мәнін, қағидаттары мен нормативтік құқықтық негіздерін, оның ішінде бала құқықтарын,

мемлекеттік стандарттар мен халықаралық құжаттардың талаптарын түсінуін қамтамасыз ету.

2. **Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және білім беру бағдарламаларын** бейімдеу дағдыларын қалыптастыру, оның ішінде жеке білім беру маршруттарын әзірлеу және оқытудың вариативті әдістерін қолдану.
3. **Баланы кешенді қолдау үшін педагогтерді** мультидисциплинарлық командада (тәрбиеші, психолог, логопед, дефектолог, медбике және т.б.) тиімді өзара әрекеттесуге үйрету.
4. **Мектепке дейінгі білім беру аясында қолданылатын ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды** педагогикалық, түзету-дамыту және эмоционалды қолдау технологияларымен таныстыру.
5. **Инклюзивті білім беру ортасы жағдайында педагогтердің** кәсіби рефлексиясын, өз тәжірибесін талдауға және жүйелі кәсіби өсуге дайындығын дамыту.
6. **Оқытудың әмбебап дизайн принциптеріне сәйкес келетін** қолжетімді, қауіпсіз және дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны құруда педагогтардың құзыреттілігін кеңейту.
7. **Баланың жеке білім беру маршруты бойынша** кеңес беру, серіктестік және бірлескен шешім қабылдауды қоса алғанда, балалардың ата-аналарымен және заңды өкілдерімен өзара әрекеттесу дағдыларын қалыптастыру.

Оқытудың күтілетін нәтижелері

Тыңдаушылардың Бағдарламаны игеру қортындысы бойынша:

1. **Инклюзивті білім беру бойынша нормативтік құқықтық актілер,** мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшеліктері және педагогикалық қолдау әдістері туралы білім кешенін меңгереді.
2. **Балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтай және ескере алады,** даму деңгейі мен білім беру кедергілерін анықтау үшін диагностикалық және бақылау әдістерін қолдана алады.
3. **Балалардың әртүрлі санаттары үшін** білім беру процесінің қол жетімділігін қамтамасыз ететін бейімделген әдістер мен мультимодальды оқыту әдістерін қолдана алады.
4. **Оқытудың әмбебап дизайны** принциптеріне, қауіпсіздік талаптарына және балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделген және дамытушы білім беру ортасын жасайды.
5. **Мультидисциплинарлық командада тиімді өзара іс-әрекет жасайды,** баланы қолдау бойынша жеке білім беру маршрутын әзірлеуге және қолдау міндеттерін бөлуге белсенді қатысады.
6. **Педагогикалық, түзету-дамыту және эмоционалды қолдау технологияларын,** соның ішінде аутизм спектрінің бұзылуы, сөйлеу қабілеті

бұзылған, моторикасы, мінез-құлқы және басқа да ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жұмыс істеу әдістерін қолданады.

7. Ата-аналармен конструктивті қарым-қатынас орнатады, олардың қатысуын, сенімін және білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттануын арттырады.

8. Мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін кеңейтуге, кедергілерді азайтуға және барлық балаларды білім беру процесіне қосу үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

9. Өздігімен кәсіби қызметінің сапасын арттырады, инновацияларға, тәжірибені талдауға және үздіксіз кәсіби дамуға дайын екендіктерін көрсетеді.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Бағдарламаның құрылымы оның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне сәйкес құрылған. Модульдердің мазмұны инклюзивті оқыту саласындағы мектепке дейінгі білім беру педагогтерінің құзыреттілігін дамытудың негізгі бағыттарын көрсетеді және теориялық негіздерден практикалық технологияларды қолдануға, білім беру ортасын жобалауға және кәсіби өзара әрекеттесуді ұйымдастыруға дейінгі материалдың біртіндеп күрделенуін қамтамасыз етеді.

Бағдарлама бес бірін-бірі толықтыратын модульді қамтиды, олардың әрқайсысы белгілі бір міндеттер кешенін шешеді және жиынтығында инклюзивті тәсілдерді тиімді іске асыру және барлық балаларға, соның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға білім беру қызметтерінің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі білім беру педагогтарының кәсіби құзыреттіліктерін дамытудың ортақ мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

1. 1-Модуль "Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері"

Педагогтерде инклюзивті білім берудің мәнін, оның қағидаттарын, құндылықтарын және нормативтік-құқықтық базасын түсінуді қалыптастыру жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді. Модуль материалы барлық келесі тақырыптарды игеруге негіз болады. **Күтілетін нәтижелер:** тыңдаушылар инклюзияның теориялық негіздерін меңгереді, заңнаманың талаптарын, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың санаттарын және оларды оқытудағы кедергілерді түсінеді.

2. 2-Модуль «Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау»

Балалардың жеке ерекшеліктерін бағалау және есепке алу, диагностика, эмоционалды және мінез-құлықты қолдау, балалардың әртүрлі санаттарымен жұмыс жасау саласындағы құзыреттерді дамытуға бағытталған. Модуль тәжірибеге бағытталған қолдау дағдыларының негізін құрайды. **Күтілетін нәтижелер:** педагогтар ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды диагностикалау және қолдау дағдыларын меңгереді, қолдаушы мамандарының рөлін түсінеді, баланың эмоционалды жағдайымен жұмыс істей алады.

3. 3-Модуль «Инклюзивті оқыту технологиясы мен әдістері»

Педагогтердің инклюзивті оқытудың заманауи әдістері мен құралдарын игеруі, білім беру бағдарламаларын бейімдеуі, оқытудың әмбебап дизайнын, мультимодальды тәсілдерді, STEAM, цифрлық технологиялар мен бағалау әдістемелерін қолдану жөніндегі міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Күтілетін нәтижелер: тыңдаушылар тапсырмаларды бейімдей алады, сараланған және мультимодальды әдістерді қолдана алады, АКТ қолдана алады, жетістіктерді бағалай алады және толерантты білім беру ортасын қалыптастыра алады.

4. 4-Модуль «Білім беру ортасын және жеке білім беру маршруттарын ұйымдастыру»

Жеке білім беру маршруттарын жобалаудың практикалық дағдыларын дамытуға, қолжетімді пәндік-кеңістіктік ортаны қалыптастыруға және баланың білім беру маршрутын командалық қолдауға бағытталған. **Күтілетін нәтижелер:** педагогтар жеке білім беру маршруттарын әзірледі, инклюзивті ортаны жобалауды, қолдау кезеңдерін құжаттауды және командада жеке білім беру маршруттарын іске асыруды біледі.

5. 5-Модуль «Ата-аналармен өзара қарым-қатынас және командалық жұмыс»

Пәнаралық өзара іс-әрекет, ата-аналармен әріптестік, кеңес беру, жанжалдардың алдын алу және ерекше қажеттілігі бар балалардың отбасыларын қолдау құзыреттерін дамыту жөніндегі міндеттерді шешуді қамтамасыз етеді. **Күтілетін нәтижелер:** тыңдаушылар ата-аналармен және мамандармен тиімді қарым-қатынас жасай алады, бірлескен жоспарлауды ұйымдастыра алады, отбасылық-орталықтандырылған тәсілді қолдана алады және отбасының эмоционалды әл-ауқатын сақтай алады.

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№	Модуль	Тақырыптар	Дәрісте р (с)	Практи ка (с)	Барлығы (с)
1	Инклюзивті білім берудің теориялық негіздері	1. Инклюзия ұғымы және мәні. 2. Инклюзивті білім берудің даму тарихы 3. Инклюзия қағидаттары мен құндылықтары 4. Нормативтік құжаттар 5. ЕБҚ бар балалардың санаттары 6. Инклюзияны іске асырудағы	6	8	14

		кедергілер 7. Қазақстанда инклюзияны енгізу тәжірибесі			
2	Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық- педагогикалық қолдау	1. ЕБҚ бар балалардың санаттары мен ерекшеліктері. 2. Баланың эмоциялық жағдайы. 3. Тьютор мен ассистенттің рөлі. 4. Зейін тапшылығы және гиперактивтілік синдром және аутизм спектрі бұзылыстары бар балаларды қолдау. 4. ЕБҚ бар дарынды балалар.	8	9	17
3	«Инклюзивті оқыту технологиясы мен әдістері»	1. Оқытуда әмбебап дизайн дифференция тәсілі. 2. Бағдарламалар мен тапсырмаларды бейімдеу. Ойын, арт және сенсорлық әдістер 3. АКТ және бағалау. 4. Мектепке дейінгі ұйымдардағы инклюзивті тәжірибе. Толеранттылықты қалыптастыру 5. Инклюзивті ортада STEAM	9	10	19

		технологияларын енгізу 6. Пәндік бейімдеу (мысалдармен)			
4	Білім беру ортасын және жеке білім беру маршруттарын ұйымдастыру	1. Инклюзивті орта ұғымы. 2. Жеке білім беру маршрутының (ЖБМ) құрылымы. ЖБМ құру кезеңдері. Құжаттама және сүйемелдеу 3. ЖБМ-ды командалық түрде іске асыру	6	7	13
5	«Ата-аналармен өзара қарым-қатынас және командалық жұмыс	1. Пәнаралық тәсіл. 2. Ата-аналармен серіктестік 3. Кеңес беру және қолдау. Бірлескен жоспарлау 4. Қақтығыстарды шешу. 5. Ата-аналардың күйзелісі 6. Отбасыға бағытталған тәсіл	5	8	13
	Қорытынды аттестация	Қорытынды кейсті қорғау (Жоба)		4	4

6. Оқу үрдісінің құрылымы

«Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру саласындағы педагогтердің құзыреттерін дамыту: оқытудың қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша оқу процесі аралас форматта

ұйымдастырылады және тыңдаушылардың теориялық және практикалық дайындығын қамтиды.

Жалпы бағдарлама көлемі 80 сағаттан тұрады:

- 34 сағат дәрістер, тыңдаушылардың теориялық даярлығын қамтамасыз етеді;
- 46 сағат практикалық сабақтар мастер-класстар, кейстерді талдау, топтық жұмыс, жобалау, аттестация;
- Оқу түрі: күндізгі, онлайн және аралас (ұйымның жағдайына байланысты)

Оқу процесі курстың практикалық бағытын қамтамасыз ететін оқытудың белсенді әдістерін қолдана отырып құрылады: топтық жұмыс, педагогикалық жағдаяттарды модельдеу, бақылау, пікірталастар, жағдайларды талдау, рөлдік ойындар, жеке білім беру маршруттары элементтерін және бейімделген ортаны құру.

Практикалық бөлім нақты кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған: балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау, жеке маршруттарды жобалау, бағдарламаларды бейімдеу, ата-аналармен және мамандарымен өзара әрекеттесуді ұйымдастыру.

Оқу процесі қалыптасқан құзыреттерді көрсетуге бағытталған қорытынды тапсырманы (жоба немесе кейс) орындаумен аяқталады.

7. Оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету жүйелілік, ғылыми, тәжірибеге бағдарлану және мазмұнның қолжетімділігі қағидаттарына негізделген. Курстың әдістемелік құрылымына мыналар кіреді:

1. Теориялық материал

Тыңдаушыларға:

- Дәріс материалдары мен презентациялар;
- Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы;
- Қазіргі ғылыми-әдістемелік тәсіл: оқытудың әмбебап дизайны, саралау, оқытудың дербестігі, ерекше қажеттілігі бар балаларды қолдау;
- Ерте инклюзияның халықаралық тәжірибесінің сипаттамасы;

Теориялық материалдар негізгі ұғымдарды түсінуге және инклюзивті педагогика әдістерін одан әрі қолдануға негіз береді.

2. Практикалық тапсырмалар

Әр модульге төмендегідей тапсырмалар ендірілген:

- Мектепке дейінгі ұйымдардың іс-тәжірибесінен алынған кейстерді талдау;
- Бейімделген тапсырмалар мен жеке білім беру маршрутының элементтерін әзірлеу;
- Дамушы инклюзивті ортаны жобалау;
- Отбасымен жұмыс әдістерін пайдалану;
- Өзара кәсіби іс-әрекетке бағытталған топтық іс-әрекет түрлері;

Практикалық жұмыстар білімді қолдануды қамтамасыз етеді, кәсіби дағдылар мен икемділіктерді қалыптастырады.

3. Тыңдаушылардың өзіндік жұмысы

Оған:

- Нормативті құжаттарды талдау;
- Аналитикалық және шығармашылық шағын- тапсырмаларды орындау;
- Қорытынды жобалауға даярлық;
- Өзіндік кәсіби іс-әрекетті талдау;

4. Өзін-өзі бағалау критерийі

Әрбір практикалық тапсырма тыңдаушыға мүмкіндік беретін критерийлермен бірге жүреді:

- материалды игеру дәрежесін бағалау;
- орындалған тапсырманың сапасын анықтау;
- кәсіби өсу аймақтарын анықтау;
- өз жұмысын күтілетін оқу нәтижелерімен байланыстыру.

8. Оқыту нәтижелерін бағалау.

Оқыту нәтижелерін бағалау тыңдаушылардың жоспарланған нәтижелерге қаншалықты қол жеткізгенін, кәсіби құзыреттіліктерін дамытқанын, алған білімдері мен дағдыларын практикалық іс-әрекетте қолдана білу деңгейін анықтауға бағытталған.

Бағалау жүйесі тыңдаушылардың теориялық білімдерін, практикалық дағдыларын және коммуникативті дағдыларын жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін ағымдағы және қорытынды бағалауды біріктіреді

1. Бағдарламаны меңгерудегі ағымдағы бақылау

Ағымдағы мониторинг бүкіл оқу кезеңінде жүргізіледі және модуль нұсқаушылармен төмендегілерді бағалау үшін жүргізіледі:

- Теориялық материалды меңгеру;
- Практикалық тапсырмаларды, жаттығуларды және кейстерді орындау;
- Топтық жұмысқа, семинарларға және талқылауларға қатысудың белсенділігі мен сапасы;
- Практикалық сабақтар төңірегінде цифрлық технологиялар мен әдістемелік құралдарды қолдана білу;

Ағымдағы бағалау әдістеріне мыналар жатады:

- Жеке және топтық практикалық тапсырмалар;
- Педагогикалық жағдаяттарды талдау;
- Кәсіби қызметтің жеке элементтерін көрсету (шағын сабақтар, ойын немесе түзету сабақтарының үзінділері)
- Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып, тапсырмаларды орындау.

2. Қорытынды аттестация

Қорытынды аттестаттау құзыреттіліктердің қалыптасуының қорытынды деңгейін бағалау үшін бағдарламаны игеру аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Оған қорытынды тапсырманың презентациясы кіреді.

Қорытынды бағалау біліктілікті арттыру бағдарламасын аяқтаудың міндетті кезеңі болып табылады және білім беру бағдарламасының мазмұны мен мақсаттарына сәйкес нысанда ж.ргізіледі. Бағалау форматы мыналарды қамтуы мүмкін:

- Тестілеу (курстың теориялық аспектілері бойынша);
- Қорытынды практикалық тапсырманы орындау және қорғау (жеке қолдау бағдарламасы бейімделген бағдарлама кейсті талдау және т.б.);
- Қорытынды рефлексиялық пікірталасқа немесе кейсті топтық талдауға қатысу (ұйымның қалауы бойынша).

Бағалау критерийі	
Критерий	Максималды балл
Теориялық материалдарды меңгеру	20 ұпай
Практикалық жағдаятта білімді қолдана алу	30 ұпай
Қорытынды тапсырманың сапасы (құрылымы, логикасы, шешімдерді негіздеу)	30 ұпай
Тапсырманы қорғау, презентация, аргументтеу	10 ұпай
Талдауға қатысу, командалық өзара әрекеттесу	10 ұпай
Қорытынды	100 ұпай

Бағалау шкаласы:	
Қорытынды ұпай	Нәтиже
85-100	Аттестация сәтті өтті (өте жақсы)
70-84	Аттестация сәтті өтті (жақсы)
50-69	Аттестация өтті (қанағаттанарлық)
Менее 50	Аттестация өтпеді
Қорытынды бағалау нәтижелері бойынша	

Қорытынды бағалаудан сәтті өткендерге тақырып, сағат көлемі және берілген күні көрсетілген **Сертификат**, сондай-ақ түпнұсқалығын тексеру үшін QR-коды бар сертификатқа қосымша беріледі. Сертификатқа ұйымның басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға қол қояды. Сертификат Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1162 қаулысына сәйкес арнайы қорғау дәрежесі бар баспа өнімдерін пайдалана отырып дайындалады. Сертификаттың қолданылу мерзімі курстар аяқталған сәттен бастап және оны берген күннен бастап үш жылды құрайды.

50 ұпайдан кем жинаған тыңдаушылар **қорытынды аттестаттаудан өтпеген** болып есптеледі және курсты тыңдау туралы **анықтаманы** еркін нысанда алады. Мұндай тыңдаушылар:

- Жыл ішінде бір рет қайта қорытынды бағалаудан өту;
- Келесі курстар ағынымен бағалаудан өту;
- Ағымдағы жылдың шегінде дәлелді себептермен басқа ағымға ауыстырылуы тиіс;
- Растайтын құжаттарды ұсына отырып, дәлелді себеп болған жағдайда курсты аяқтау.

Курстардан өту туралы келісімнің талаптарын орындамаған тыңдаушылар ұйым басшысының бұйрығы және өтініштер мен өтініштерді қарау жөніндегі комиссия шешімі негізінде оқудан шығарылуға жатады. Оқудан шығарылған жағдайда ұйым тыңдаушының жұмыс берушісін хабардар етеді.

Қорытынды бақылау жұмысының нәтижелері негізінде курстан кейінгі қолдау кезеңінде консультациялар өткізу жоспарлануда.

9. Курстан кейінгі қолдау

Курстан кейінгі қолдау ЖШС «Оқу және Даму институты» әзірлеген және басшысы бекіткен «Педагогтердің қызметін курстан кейінгі қолдауды жүзеге асыру және білім беру бағдарламаларының тиімділігіне мониторинг жүргізу туралы Ережеге» сәйкес жүзеге асырылады.

Курстан кейінгі қызметті қолдау үшін келесі формаларды қолдануға болады:

- 1) тыңдаушыларға олардың педагогикалық қызметінде әдістемелік, консультациялық көмек көрсету;
- 2) педагогикалық қызмет нәтижелерінің жариялануын дайындауда консультациялық көмек көрсету;
- 3) курстан кейінгі қолдаудағы педагогтерді тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға (конкурстар, конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және басқа да білім беру іс-шараларына) қатысуға тарту.

Біліктілікті арттыру курстарынан өткен педагог жұмыс барысында алған кәсіби құзыреттіліктерін қолданады.

Курстан кейінгі қолдаудың мазмұны біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламаларының мақсаттарымен, міндеттерімен және күтілетін нәтижелерімен анықталады.

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қазандағы № 487-IV Заңы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000487>
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

3. Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>
4. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі N 343 Заңы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343>
5. Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1143 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2400001143>
6. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>
7. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы №56-VII ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000056>
8. Интерактивная песочница iSandBOX. Методическое пособие / Редакция первая / Тукешев Е.Ф., Томск, 2021. – 137 с.
9. Методическое пособия UITS – Google Диск https://drive.google.com/drive/mobile/folders/1v08MsnfH2eNDNRooO7CqECsmJdL66I53?usp=drive_link
10. Методические рекомендации по реализации принципов преемственности и инклюзивности на всех уровнях образования (детский сад-школа-колледж-вуз) <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=9>
11. Методические рекомендации по развитию когнитивных способностей обучающихся <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=14>
12. Методические рекомендации для методистов организаций образования, управлений (отделов) образования по сопровождению реализации государственной политики в сфере инклюзивного образования <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=15>
13. Методические рекомендации по использованию современных ресурсов для образовательного процесса в условиях инклюзии <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=18>
14. Методические рекомендации по исполнению педагогами нормативных правовых документов в сфере инклюзивного образования <https://uba.edu.kz/ru/metodology/3?page=19>
15. Кушербаев А. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері // Дефектология. – 2021. - №3. - 17 б.
16. Лебедев А.Н. Психофизиологические закономерности восприятия и памяти / А.Н. Лебедев. - Москва: Наука, 2023. - 224с.

17. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. - М.: Издательский центр «Академия», 2023. - 384 с.

18. Белопольская Н.Л. Дифференциально-психологическая диагностика детей с интеллектуальной недостаточностью / Н.Л. Белопольская, В.И. Лубовский // Детская патопсихология. Хрестоматия / Сост. Н.Л. Белопольская. – М.: Когито - Центр, 2024. - С. 32 - 45.

Дополнительная литература:

1. «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі №ҚР ДСМ -59 бұйрығы ҚР Әділет министрілігінде 2021 жылы 13 шілдеде №23469 болып тіркелді.

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469>

2. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ұлгілік оқу жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029509#z6>

3. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысы <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137>

4. Саркытбай С., И.К. Туребаева. «Мнемотехника как средство развития памяти у детей с задержкой психического развития». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология, т. 74, вып. 1, март 2023 г., Режим доступа: <https://doi.org/10.51889/1728-7847.2023.1.74.031>

5. Оспанова А. «Психологические аспекты использования компьютерных технологий для развития памяти у детей с нарушением интеллекта дошкольного возраста». Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Психология, т. 79, вып. 2, июль 2024 г., Режим доступа: doi:10.51889/2959-5967.2024.79.2.025

6. Ефремова К.О. Использование дидактических игр как средство развития произвольной памяти дошкольников /К.О. Ефремова//Материалы Всероссийской научно-практической конференции: «Организация развития мыслительной деятельности детей дошкольного и младшего школьного возраста: теория и практика» - 2022. - С. 265-267

7. Манжура В.А., Подгорнова С.В., Титова М.А., Шапиро К.В. Формирование цифровой образовательной среды детского сада. Методические рекомендации для руководителей и методистов дошкольных образовательных учреждений. СПб., 2021 56 с.

8. Курчатова Н.Ю., Шарапуто С.В. Цифровые технологии в образовательном процессе детского сада. – URL: sharaputosv2.pdf (sgu.ru)

9. Vilacheva M., Zadorina M., Meshcheryagina V. Ecologization and digitalization of preschool education for sustainable development: problems and

prospects // E3S Web of Conferences. – EDP Sciences, 2021. – Т. 296. – С. 648-652. <https://doi.org/10.1051/e3sconf/202129608020>

10. Čarapina M. The digedu-2022 project: digitization and digitalization of preschool and primary education through mobile applications // INTED2023 Proceedings. – IATED, 2023. – С. 1431-1435. <https://doi.org/10.21125/inted.2023.0413>

Анализ законодательства Республики Казахстан и нормативных правовых актов по вопросам развития компетенций педагогов в сфере инклюзивного образования

В рамках разработки Программы был проведён анализ законодательства Республики Казахстан и нормативных правовых актов, регулирующих вопросы инклюзивного образования и профессионального развития педагогических работников. Изучение нормативной базы позволило сформировать содержание Программы с учётом актуальных требований к подготовке педагогов, работающих с детьми с особыми образовательными потребностями (ООП), и обеспечить включение в обучающий процесс ключевых правовых положений, необходимых для практической деятельности специалистов.

Знакомство участников Программы с действующими нормативными документами способствует формированию правовой грамотности педагогов и даёт возможность:

- понимать правовые основы организации инклюзивного образования;
- применять современные методы адаптации образовательных программ и создания доступной среды;
- эффективно взаимодействовать в составе междисциплинарной команды сопровождения ребёнка;
- обеспечивать качественное и доступное образование для детей с особыми образовательными потребностями в соответствии с национальными и международными стандартами.

Нормативно-правовая база и международные обязательства Республики Казахстан в сфере инклюзивного образования

1. Международные обязательства Казахстана

Республика Казахстан подтверждает приверженность международным стандартам в области защиты прав детей и развитию инклюзивного образования, руководствуясь следующими ключевыми документами:

Конвенция о правах ребёнка (1989)

Определяет право каждого ребёнка на образование, соответствующее его возможностям, индивидуальным особенностям и потребностям. Подчёркивает необходимость создания условий для развития ребёнка в

атмосфере достоинства, толерантности и равного доступа
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>

Конвенция о правах инвалидов (ратифицирована в 2015 г.)

Статья 24 устанавливает обязательство государств обеспечивать инклюзивную систему образования на всех уровнях, развивать кадровый потенциал педагогов, адаптировать образовательные программы и создавать доступную среду <https://adilet.zan.kz/rus/docs/B940001400>

Цель устойчивого развития ООН № 4 (ЦУР-4)

Ориентирована на обеспечение качественного и инклюзивного образования для всех к 2030 году <https://new.cisstat.org/sdg>

Образовательная стратегия ЮНЕСКО «Образование 2030»

Подчеркивает необходимость развития компетентных педагогов как ключевого условия качественного инклюзивного образования.
https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000245656_rus

Международные документы определяют необходимость:

- подготовки педагогов, владеющих методами адаптации программ под ООП;
- развития междисциплинарного взаимодействия и партнёрства с родителями;
- внедрения педагогического сопровождения, основанного на уважении индивидуальности ребёнка.

2. Национальное законодательство и нормативные акты

1. Конституция РК (ст. 30) <https://constitutionrk.kz/razdel-2/statya-30>

Гарантирует право каждого гражданина на образование – основу построения инклюзивной образовательной системы.

2. Закон РК «Об образовании» (ред. 2025)

https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30118747

Ключевые положения:

- Право детей с ООП на получение образования;
- Обязанность учреждений создавать специальные условия;
- Возможность обучения по индивидуальным образовательным маршрутам (ИОМ);
- Расширенные функции педагогов и специалистов сопровождения;
- Приоритет принципов равенства, доступности, дифференциации.

3. Закон РК «О правах ребёнка» (ред. на 01.01.2025)

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345>

Закрепляет:

- Принцип учёта особых образовательных потребностей;
- Право ребёнка на помощь со стороны подготовленных специалистов;
- Ответственность государства за обучение и социализацию детей с ООП.

Новые приказы и подзаконные акты

4. Приказ № 92 от 29.04.2025 – Правила деятельности СППС

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

Обновлённая редакция закрепляет:

- Создание коллегиальных команд сопровождения (СППС);
- Чёткое распределение ролей между педагогами, психологами, логопедами;
- Этапы организации сопровождения: диагностика, планирование, реализация, контроль;
- Требование к повышению компетентности педагогов в области сопровождения детей с ООП.

5. ГОСО (Приказ № 74 от 15.04.2025)

<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Актуальные положения:

- Требование адаптации содержания программ под ООП;
- Введение в учебные планы компонентов по инклюзивной педагогике;
- Подчёркивание роли психолого-педагогической поддержки в образовательном процессе.

6. Типовые квалификационные характеристики педагогов (Приказ № 98 от 30.04.2025) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750>

Основные положения:

- Определение компетенций педагогов в инклюзивной среде;
- Включение умений по адаптации программ, работе в команде сопровождения, планированию индивидуального обучения;
- Обязанность педагогов участвовать в создании безопасной и развивающей среды.

7. Правила оценки ООП (Приказ № 104 от 06.05.2025) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V22000266185>

Важное для педагогов:

- Методики диагностики особых образовательных потребностей;
- Механизмы совместного планирования образовательной траектории;
- Роль педагогов в междисциплинарной оценке ребёнка.

Выводы по результатам анализа

Нормативная база Казахстана создаёт прочный фундамент для развития инклюзивного образования, определяя требования к профессиональной подготовке педагогов. В совокупности все документы обеспечивают:

- равный доступ к качественному обучению;
- создание безопасной, вариативной и развивающей среды;
- междисциплинарное сопровождение ребёнка;
- профессиональное развитие педагогических кадров.

Эффективная реализация инклюзивного подхода невозможна без постоянного обновления знаний педагогов – правовых, методических, психологических и этических.

Обоснование необходимости курса повышения квалификации

Для успешной реализации инклюзии педагогам необходимы:

- понимание нормативной базы;
- владение адаптивными методиками;
- навыки сопровождения детей с ООП;
- этическая компетентность в работе с семьями;
- умение работать в команде специалистов.

Следовательно, повышение квалификации является важным условием внедрения инклюзивного образования в дошкольных организациях.

Анализ потребностей педагогов в сфере инклюзивного образования в Республике Казахстан: обеспечение доступности и качества обучения

Целью проведенного анализа является обоснование необходимости реализации программы повышения квалификации *«Развитие компетенций педагогов в сфере инклюзивного образования: обеспечение доступности и качества обучения»* через выявление актуальных профессиональных затруднений, образовательных запросов и уровня подготовки педагогов дошкольных организаций в Республике Казахстан.

Для диагностики профессиональных потребностей и проблем, с которыми сталкиваются педагоги в инклюзивной практике, был использован метод анкетирования. Анкета включала как закрытые, так и открытые вопросы, направленные на:

- самооценку компетентности в вопросах инклюзивного образования;
- выявление конкретных трудностей в работе с детьми с особыми образовательными потребностями (ООП);
- определение интереса к тематике программы и готовности к обучению;
- предпочтения в формате и методах повышения квалификации.

Участники анкетирования – педагогические работники дошкольных организаций различных регионов Казахстана: воспитатели, логопеды, педагоги-психологи, музыкальные руководители, инструкторы по физкультуре, а также представители администрации ДО.

Краткий обзор анкеты

- Общая информация (стаж, опыт работы с детьми с ООП)
- Знания и уверенность (знание законодательство РК)
- Трудности и затруднения
- Интерес к образовательным темам и готовность к обучению

Обобщённые результаты анкетирования

74% педагогов указали на трудности в адаптации программ и создании развивающей среды для детей с ООП;


68% признали недостаточный уровень знаний по нормативной базе инклюзивного образования;

81% выразили заинтересованность в обучении по таким темам, как разработка ИОМ, организация инклюзивной среды, командная работа и взаимодействие с родителями;

66% отметили дефицит практических инструментов и методик, которые можно применить в реальной работе с детьми;

89% респондентов заинтересованы в программах с практико-ориентированным подходом (кейсы, тренинги, моделирование ситуаций).

Рисунок 1. Профессиональные потребности педагогов (результаты анкетирования)



Ключевые затруднения педагогов

- Недостаток методических знаний и уверенности в работе с детьми с разными формами нарушений развития;

- Сложности в построении ИОМ и организации междисциплинарного сопровождения;
- Отсутствие опыта командного взаимодействия и эффективной работы с родителями;
- Недостаток системной подготовки в области ранней инклюзии;
- Низкая обеспеченность готовыми практиками и адаптированными инструментами (шаблоны, алгоритмы, рекомендации).

Анализ анкетирования подтверждает высокую потребность педагогов в систематическом, структурированном обучении, ориентированном не только на теоретическое понимание инклюзии, но и на прикладные аспекты:

- построение инклюзивной среды;
- работа в команде с другими специалистами;
- консультирование родителей;
- разработка и реализация ИОМ;
- применение цифровых инструментов.

Выводы

На основании проведенного анализа можно сделать следующие обоснованные выводы:

- Программа повышения квалификации отвечает выявленным потребностям педагогов дошкольных организаций Казахстана;
- Содержание программы ориентировано на практическое применение знаний, включает современные формы обучения (кейс-методы, проектная деятельность, работа в группах);
- Программа обеспечивает формирование устойчивых профессиональных компетенций, необходимых для успешной работы в условиях инклюзии на раннем этапе.